

Г.Т. Дакина¹, Г.А. Жұмақұлова¹

¹Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті
Семей қ., Қазақстан

ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ – ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Заманауи педагог тек оқытушы, тәрбиеші, студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырушы, педагогикалық үрдісті зерттеуші, кеңес беруші ғана емес, өзінің кәсіби деңгейін, педагогикалық шеберлігін үнемі шыңдап отыратын ағартушы. Қызметтерін орындауының сапасын сипат-тайтын кешенді көрсеткіштерге оның кәсібилігі жатады. Жоғарғы мектеп педагогының кәсібилігі кәсіби білімдері мен қабілеттер жүйесін нәтижелі жүзеге асыру болып келеді. Мақала-да ЖОО мұғалімдерінің кәсіби – тұлғалық қасиеттерін дамыту ерекшеліктері қарастырылған.

Кілттік сөздер: кәсіби – тұлғалық қасиеттер, мұғалімдер

Г.Т. Дакина¹, Г.А. Жұмақұлова¹

¹Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет
г. Семей, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВУЗА

Аннотация

Современный преподаватель вуза является не только педагогом, воспитателем, организатором деятельности студентов, исследователем педагогического процесса, консультантом, просветителем, который постоянно повышает уровень своего профессионализма и педагогического мастерства, ведет творческий поиск нового. Комплексным показателем, характеризующим качество выполнения его функций, является профессионализм. Профессионализм педагога высшей школы состоит в эффективной реализации системы профессиональных знаний и умений. В статье рассматриваются особенности развития профессионально-личностных качеств преподавателей Вуза.

Ключевые слова: профессионально-личностные качества, преподаватели

G.T. Dakina¹, G.A. Zhumakulova¹

¹Kazakh Humanitarian and Legal Innovation University
Semey, Kazakhstan

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL AND PERSONAL QUALITIES OF UNIVERSITY TEACHERS

Abstract

A modern university teacher is not only a teacher, educator, organizer of students' activities, researcher of the pedagogical process, consultant, educator, who constantly improves the level of his professionalism and pedagogical skills, leads a creative search for new things. A comprehensive indicator that characterizes the quality of the performance of its functions is professionalism. The professionalism of the higher school teacher consists in the effective implementation of the system of professional knowledge and skills. The article discusses the features of the development of professional and personal qualities of University teachers.

Keywords: professional and personal qualities, teachers

Заманауи қоғамда техниканың, ғылымның дамуы мен әлеуметтік қатынастар сипатының дамуына байланысты әр тұлғаның алдына да белгілі талаптар қойылуда. Бұл әр маманды даярлау мен оны даярлау үрдісін жетілдіруді талап етеді. А.Н. Леонтьевтың анықтамасы бойынша, тұлға әрдайым іс-әрекет барысында дамиды. Оқытушы үшін педагогикалық іс-әрекет те сол тәрізді, оны меңгеру кәсіби тұрғыда оқудан басталады. Педагогикалық бағытталған іс-әрекет қажет кәсіби тұлғалық қасиеттерді туындатып, кейін өз кезегінде кәсіби еңбектің табыстылығын қамтамасыз етеді.

Б.М. Бим-Бад, С.Змеев, М.Ноулз сияқты ғалымдардың ойынша, адам баласының қоғамға бейімделуінің, өзгерістерге төтеп беруіндегі белгілі қиындықтар олардың күзiреттiлiк деңгейiнiң жетiлiксiздi деп бiледi.

ЖОО оқытушыларды даярлау, олардың кәсіби тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру білім беру сапасының негізгі тірегі саналады. Осы орайда білім беру сапасы білім беру үрдісінің нәтижесі ретінде болып, ал білім беру ортасы білім беру сапасын жақсартудың кілттік факторы саналады. Оқыту үрдісінде шығармашылық атмосфераны жаңа ақпараттық мүмкіндіктермен қоса туындату еліміздің инновациялық экономикасы мен жарқы болашағы үшін жан-жақты дамыған және күзiреттi мамандарды қалыптастыруды қамтамасыз етедi. Қазақстандық білім беруді дамытудың жаңа концепциялары шеңберінде маңыздысы ол білім беру парадигмасының ең алдымен мұғалімдерге байланысты болуы.

Жоғарғы оқу орнында оқыту – оқытылатын пәндердің спецификасымен, студенттік топты даярлау деңгейімен, нақты педагогикалық жағдаяттар ерекшелігімен сонымен қатар оқытушының ғылыми қызығушылықтарымен байланысты бірқатар функцияларды атқару. Ең алдымен ЖОО оқытушысы нақты қасиеттері мен күзiреттiлiктерi бар және оны өзiнiң кәсiби iс-әрекетiн-де жүзеге асыра алатын тұлға. Оқытушының іс-әрекеті мен оның нәтижелеріне оның темпе-раменті, тұлға типі, таңдап алған оқыту технологиялары мен әдістері т.б. ықпал етеді.

Жоғарғы білім беру әлеуметтендіру және индивидуализациялау институты ретінде студенттің бойында кәсіби, әлеуметтік тәжірибені, өз бетінше іздене алатын және алған білімін практикалық тұрғыда кәсіби деңгейде атқара алатын мамандарды даярлаумен айналысады. Бұндай даярлаудың нәтижелілігі белгілі дәрежеде ЖОО оқытушыларының кәсіби деңгейіне, шебер-лігіне, кәсіби күзiреттiлiгiне байланысты (Э.Ф. Зеер, Н.А. Коваль, Л.М. Митина, Н.А. Подымов, Л.С. Подымова, В.А.)[1].

Кәсіби – тұлғалық қасиеттер» термині әлі де жеткіліксіз зерделенген, дегенімен педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде кең қолданысқа ие болып келеді. оқытушының кәсіби жетістіктері белгілі күзiреттiлiктер жүйесімен ғана емес, сонымен қатар кәсіби тұлғалық қасиеттерді дамыту арқылы да жүзеге асырылып, тұлға мен іс-әрекеттің бірлігі атты психология-дағы әдіснамалық қағидаға тұспа тұс келеді А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина, С.Л. Рубинштейн, т.б). ЖОО оқытушылары тарапынан өзін өзі жүзеге асыруы мен тұлғалық кәсіби тұрғыда өзін өзі дамытуды басқару мақсатында оның іс-әрекетінің тұлғалық және кәсіби аспектілерін құрылымдап алу қажет. Сондықтан, ЖОО заманауи оқытушының кәсіби тұлғалық қасиеттерінің мәнін психологиялық педагогикалық түсінуде біз кәсіби және тұлғалық қасиеттердің бірін бірі толықтыратындығын түсінеміз.

ЖОО оқытушыларының кәсіби тұлғалық қасиеттерін зерттеудің теориялық әдіснамалық бағытын зерттеуде бірқатар тұғырлар мен ықпал ету жолдарын атап өтуге болады: тұлғалық теория (Б.Г. Ананьев, К.К. Платонов); іс-әрекет теориясы (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.Д. Шадриков т.с.с.); күзiреттiлiк тұғыр (Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя) т.б. [2].

Тұлға құрылымы мен оны құрайтын қасиеттерді зерттей отырып, біз тұлғаның құрылымдық моделіне, дәлірек айтқанда К.К. Платоновтың динамикалық функционалды концепциясына жүгіндік. Біз өз зерттеу шеңберімізде тұлға қасиеттерін мотивтер синтезі, мен оқытушының іс-әрекеті ретінде, оның санасы мен әрекетінің бірлігі ретінде қарастырдық. Сәйкесінше, адам-гершілік және интеллектуальдық сфералардың байланысы эмоционалды ерік-жігер қасиет-терімен қамтамасыз етіліп, реттеледі.

Іс-әрекет теориясында мамандардың нақты іс-әрекет түріне қатысты. Іс-әрекеттің құрылымдық функционалды компоненттері іс әрекетті өнімді жүзеге асыру мен меңгеруге ықпал

етеді (Н.В. Кузьмина, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, С.Л. Рубинштейн, Г.В. Суходольский, В.Д. Шадриков т.б.) көп құрылымды көп деңгейлі білім ретінде кәсіби педагогикалық іс-әрекет мотивациялық, компонентті, функциональды, психофизиологиялық, жеке, психологиялық талдаулар арқылы ашылады (Э.Ф. Зеер, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.М. Митина, В.А. Сластенин, В.Д. Шадриков т.б.).

Оқытушының іс-әрекеттік құрылымында оның тұлғасы, қасиеттері сияқты кәсіби негіздеген құрылымды көру мүмкін болып келеді.

Теориялық талдау барысы мұғалімнің қандай қасиеттерін кәсіби тұлғалық қасиеттерге жатқызуға болады және оның оқытушының кәсіби іс-әрекетінің нәтижесіне, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын ықпалы қаншалықты, олардың ерекшеліктері туралы ақпараттар педагогика мен психологияда әлі де зерделеуді қажет етеді.

Жұмыста біз кәсіби құзіреттіліктің келесі түсінігіне жүгінеміз: бұл білім, қабілет, дағдылардың белгілі үйлесімділігі мен белгілі еңбек нәтижелерінің, практикалық дайындықтың үйлесімділігі ғана емес, сонымен қатар сонымен қатар педагогтың тұлғалық қасиеттерінің комбинациясы.

Маман тарапынан кәсіби іс-әрекет пен кәсіби тұлғалық қасиеттерді жүзеге асрудың жоғары деңгейінің құрылымын сипаттайтын нормативті параметрлерді Е.М. Иванова, А.К. Маркова, Е.С. Романова, В.А. Сластенин, Л.Ф. Спирин т.с.с. ғалымдардың кәсіби географиялық зерттеулерінен байқауға болады.

Сонымен, мамандықтың психологиялық сипаттамасы мамандықтағы еңбек сипатын, психограмманы (мамандықтағы еңбек адамының сипатын) қамтиды. Егер, осы мамандықтың еңбектік сипатына объективті кәсіби міндеттер, еңбек пәні, кәсіби білімдер мен кәсіби іс-әрекеттің нәтижесі қосылса, онда іс-әрекет психограммасының нәтижесі психологиялық білімдерді, психологиялық әрекеттерді, психологиялық тұлғалық қасиеттерді қамтитын болады. біздің ойымызша, кәсіби географиялау сызба нұсқасы кадрларды аттестациялау үшін ғана емес, сонымен қатар оқытушының «ЖОО оқытушысы» мамандығына қойлатын талаптар деңгейінде кәсіби тұлғалық қасиеттері туралы түсініктері мен профессионализмінің деңгейін бағалау үшін қажет. Кәсіби стандарт талаптарында оқытушылар құрамын жетілдіру мен үздіксіз кәсіби, тұлғалық дамыту қажеттілігі сипатталған.

Оқытушының тұлғалық қасиеттері кәсіби маңызды, тұлғалық маңызды, кәсіби педагогикалық, кәсіби тұлғалық қасиеттер шетелдік және отандық әдебиеттерде қарастырылғанымен, оның мазмұнын түсіндіретін бірегей ықпал ету жолы жоқ. Бұл ғалымдардың ғылыми көзқара-сына, синонимік түсініктердің болуымен аталмыш феноменнің негізінің толыққанды ашыл-мағандығымен байланысты. Сондықтан, ЖОО оқытушыларының кәсіби тұлғалық қасиеттерінің даму ерекшеліктерін қарастыруда ең алдымен аталмыш анықтаманың реттілік бағытын ғылыми зерделеу маңызды.

Психологиялық еңбек психологиясында педагогтың тұлғалық қасиеттері, педагогикалық іс-әрекеттерінің ерекшеліктері ерекше маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Ең алдымен, толыққанды және нәтижелі педагогикалық іс-әрекетті қамтамсыз ететін педагог тұлғасын атап өту маңызды. Дәл осы тұлғалық қасиеттер жоғары кәсіби педагогикалық маңыздылыққа ие. Педагогтың тұлғалық қасиеттерінің сипаттамасына: 1. Моральды кейпі. 2. Педагогикалық іс-әрекетке талпынысы. 3. Педагогикалық қабілеті. 4. Педагогикалық құзіреттілігі жатады. Осы орайда біз қарастырып отырған моральды кейпіне: мейірімділік, шыдамдылық, эмоциональды шыдамдылық, ұстамдылық, адамдарға деген сыйластық, жоғарғы адамгершілік, адалдық, объективтілік, жауапкершілік, өз міндетіне жауапкершілік, қарым-қатынасқа қажеттілік, өзін сынға ала алуы, бағалаудағы объективтілік, патриотизм т.б. жатады. Педагогикалық іс-әрекетке талпынушылық пен педагогикалық қабілеттер әдетте еңбекқор, тәртіпті, жауапты адамдарда байқалады. Олар өз алдына мақсат қоя алып, кәсіби деңгейін жүйелі көтеріп, өз еңбегінің нәтижесін жақсартуға талпынады. Педагогикалық қабілеттердің компоненттерінің маңызды құрылымдары ретінде:

- оқу материалын қолжетімді жеткізе алуы;
- білім алушыларды ұйымдастыру қабілеті;
- педагогикалық тактіні көрсете алуы;

- шынайы өмірде оқылып отырған пәннің қажеттілігін көрсете алуы;
- талапты көрсете алу қабілеті;
- бақылаушылық қабілеті;
- шығармашылық қабілеті т.б.

ЖОО мұғалімдерінің тұлғалық қасиеттерін қарастырудың оның жобалық, гностикалық, құрылымдық, коммуникативті қабілеттері де ерекше қарастырылады.

Осыған байланысты педагогтың имиджы келесі факторлардан құралады:

- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыратын сабақтарды өткізу;
- білім алушыларға деген жағымды қарым-қатынас;
- сабақтардағы әрекеттің демократиялық типі;
- көмек көрсету;
- эмоционалды тұрақтылық т.б.

ЖОО мұғалімдерінің кәсіби тұлғалық қасиеттері оның нәтижелі жұмыс жасауының кілті. Себебі, біз білетіндей, педагогика оқыту үшін педагогтың рөлін мойындайды. Осыған байланысты П.Ф. Каптерев «жеке тұлғалық талант» пен «мұғалімнің ғылыми дайындығын» жатқыза-тын «арнайы мұғалімдік қасиеттерді» атап өткен [3].

Теориялық және эмпирикалық деңгейде педагогтардың қасиеттері мен қабілеттері Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.М. Митина В.Д. Шадрикова сияқты ғалымдардың ғылыми мектептерінде зерттелінген. Жалпы педагогикалық тұғырдың мәні педагогтың субъективті қасиеттерінің құрылымдық мазмұндық сипаттамасын зерттеу болып келеді (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.М. Митина, В.А. Сластенин).

Н.В. Кузьмина педагогтың субъективті қасиеттерінің құрылымына: бағыттылық типін, қабілеттер деңгейі мен бірқатар құзіреттіліктерді (арнайы педагогикалық, әдістемелік, әлеумет-тік психологиялық, дифференциальды психологиялық, аутопсихологиялық) жатқызады. Көріп отырғанымыздай, бұл құрылым педагогтың субъективті қасиеттерінің тұлғалық, кәсіби, жеке кәсіби деңгейлерінің көріністерін интеграциялайды. А.К. Маркованың ғылыми мектебінегі субъективті қасиеттер кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер мен кәсіби қабілеттерді объективті зерттеуге және кәсіби психологиялық позициялар, ұстанымдар мен тұлғалық ерекшеліктер сияқты педагогтың субъективті сипаттарын зерттеуге бейімделген.

Көріп отырғанымыздай, объективті сипаттамалары кәсіби, кәсіби педагогикалық қасиеттерде ашылса, ал субъективті қасиеттер сәйкесінше жеке тұлғалық қасиеттерде ашылады.

В.Д. Шадрикованың концепциясында оқытушының маман ретіндегі кәсіби маңызды қасиеттері қарастырылған. Ғалымның пайымдауынша, кәсіби түсінігінің астарында іс-әрекет нәтиже-сіне және оны меңгеруге ықпал ететін субъект іс-әрекетінің жеке қасиеттері жатады.

Аталмыш логикаға сәйкес нәтиктен басым авторлар педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін қабілет ретінде ашқандығы белгілі болды: түрлі іс-әрекетті жүзеге асыруда және белгілі білім-дерді меңгерудегі өнімділік пен қатыстық жеңілдікті талап ететін жалпы қасиеттері; қандай да бір іс-әрекет аймағында белгілі жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тұлға қасиеттерінің жүйесі сияқты арнайы қасиеттер; бұл іс-әрекетті меңгерудегі нәтижені анық-тайтын және педагогикалық іс-әрекет талаптарына жауап беретін мұғалім тұлғасының жеке психологиялық ерекшеліктерінің үйлесімділігі сияқты педагогикалық қасиеттер. Кәсіби білім беру энциклопедиясы кәсіби маңызды қасиеттер туралы түсініктер трактовкасын оның субъект қасиеті ретінде толықтырады. Мәселе келесі қасиеттер туралы: жүйке жүйесінің жеке типологиялық қасиеттері, сенсорлы және перцептивті қасиеттері, зейіннің аттенционады қасиеттері, ерік жігердің психомоторлы қасиеттері; ырғақтық қозғалыстардың дәлдігі мен шыдамдылығы; мнемикалық; ойлау қасиеттері; жігер қасиеттері (мақсатқа талпынушылық, шешім қабылда-ғыштық, батырлық, қалау білдірушілік, өз бетінше жұмыс жасай алушылық т.б.).

Л.М. Митинаның концепциясы шеңберінде ЖОО оқытушыларының кәсіби қасиеттері бес кәсіби маңызды қасиеттер негізінде педагогикалық қабілеттердің екі тобына сүйене қарастырыл-ған: жобалық гностикалық (педагогикалық болжам); рефлексивті перцептивті (педагогикалық рефлексия, педагогикалық такт, педагогикалық бағыттылық).

Педагогикалық психологиялық тұрғыдан ЖОО оқытушыларының бүтін тұлғасын оның кәсібилігінің жетекші өсу факторы ретінде қарастыруға болады. Оның спецификалық ерекшелігі ретінде ЖОО оқытушысының кәсіби педагогикалық іс-әрекетке қосылуы қарастырылады [4].

Бүгінгі таңда заманауи ЖОО оқытушысы педагог, тәрбиеші, студенттердің іс-әрекетін құйымдастырушы, студенттермен және ұжымдастарымен, педагогикалық үрдіс зерттеушілері-мен қарым-қатынастың белсенді қатысушысы. Ол үнемі өзінің кәсіби деңгейін көтеріп, жаңа шығармашылық бастамаларға бейім.

Оқытушылық жұмыс өз кезегінде іс-әрекеттің күрделі түріне жатады. Ол педагог тарапынан практикалық даярлықты, тәжірибені, икемділік пен қабілеттілікті, шеберлікті талап етеді.

ЖОО оқытушыларының кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту заманауи білім беру үрдісінің нәтижелілігін қамтамасыз ету негізі ретінде маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Batarshhev A. V. Sistema psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya professional'no-lichnostnogo razvitiya pedagoga. CHelovek i obrazovanie. – 2015. - №1(42). – S.16-21.*
- 2. Sorokopud YU. V. Razvitie sistemy podgotovki prepodavatelej vysshej shkoly: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk / YU. V. Sorokopud. – M., 2012. – 40 s.*
- 3. Kapterev, P. F. Pedagogicheskaya literatura [Tekst] / P. F. Kapterev. – Moskva: Direkt-Media, 2012. – 249 s.*
- 4. Mitina L. M. Psihologiya professional'no-kar'ernogo razvitiya lichnosti. – M.: SPb.: Nestor-Istoriya, 2019. – 400 s.*